ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2023 жылғы 27 желтоқсан №7119-23-00-2/14719 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Қарлығаш" "балабақшасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ РМК)

ЖАУАПКЕР:

«IP Bokter» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Қарлығаш" "балабақшасы" ШЖҚ РМК жауапкер «IP Bokter» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«IP Bokter» ЖК ЖСН 710101003736 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«IP Bokter» ЖК ЖСН 710101003736 мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«IP Bokter» ЖК ЖСН 710101003736 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Қарлығаш" "балабақшасы" ШЖҚ РМК БСН 100140011059 пайдасына 2 367 (екі мың

үш жүз алпыс жеті) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 71 (жетпіс бір) теңге сот шығындары өндірілсін.

Артық төленген мемлекетттік баж 1 654 (бір мың алты жүз елу төрт) теңге Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Қарлығаш" "балабақшасы" ШЖҚ РМК БСН 100140011059 тиісті бюджеттен қайтарылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 27.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2024, судья Нұрланов Б. К., 09.02.2024

7119-23-3-1/14560